

## **Оқытушының озық технологияларды қолданып білім берудегі рөлі**

**Байсарин Бейбіт Зейноллаұлы**

А. Байтурсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова  
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Білім беру «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Президенті республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын [1]. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады.

Білімді, ғылымды және өндірісті біріктіру, жоғары оқу орнынан кейінгі білімді ғылым мен техниканың қазіргі кезеңдегі жетістіктері негізінде дамыту бүгінгі күнде экономиканы дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Дегенмен көптеген жұмыс берушілер жоғары оқу орындары оқытып шығаратын мамандар сапасына қанағаттанбайтындығын, білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің күткен нәтижелеріне жауап бермейтіндігін және экономика талаптарына сәйкес келмейтінін атап өтіп жатады.

Біздің ойымызша Қазақстанның жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық ресурстары жеткілікті қарқынмен жаңартылмайды. Жоғары оқу орындарында гуманитарлық мамандықтар сияқты техникалық мамандықтар бойынша да кітапхана қорын жаңартудың бекітілген нормалары сақталмайды. Көптеген пәндер бойынша оқулықтар әзірленбейді немесе аз тиражбен басылады. Құқықтық пәндерге келетін болсақ оқулықтар жоқ десе де болады, себебі заңдар соңғы кезде күрделі өзгерістерге ұшырауда, сондықтан заңгер ғалымдар оқулықтарды дайындап үлгері алмайды. Ал қабылданған заңдар, құқықтық статистикалар, құқықтық ақпараттар арнайы ғаламторда, құзырлы мемлекет сайттарында электрондық жүйеде орын алады, оларға тек ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Экономикасы дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құруға еніп, көкейтесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Ақпарат мемлекеттің даму деңгейін анықтайтын стратегиялық ресурсқа (қорға) айналып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, яғни мәлімет өңдеу мен оны тасымалдау ісін атқару өркениетті дамудың қажетті шарты болып табылады.

Қазіргі кездегі қоғам индустриалдық кезеңнен кейінгі дамудың ақпараттық кезеңіне аяқ басты. Ақпараттандыру жағдайында білім алушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Оның басты сипаттарына – ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану адамдардың көптеген қызмет түрлерін компьютерлендіру, коммуникациялардың бірыңғай халықаралық жүйелерін жасау істері жатады. Қазіргі кездегі адамдар үшін «компьютерлік сауаттылық» дегеніміз кешегі жай сауаттылық (оқып жаза білу) тәрізді міндетті түрде іске асырылатын шара болып саналады.

Соңғы кезде біздің қоғамда болып жатқан ауқымды өзгерістер білім саласында да біраз өзгерістердің туындауына себепші болды. Қазақстанда жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Білім жүйесіндегі инновациялық өзгерістерге де президентіміз Н.Ә.

Назарбаев та назар аударып, ол Республикалық мұғалімдер съезінде: «XX ғасырдың екінші жартысында белгілі болған нәрсе – XXI ғасырда алдыңғы саптағы елдер қатарына өз жастарының интеллектуалды және рухани әлеуетін барынша дамыта алатын мектептер мен жоғары оқу орындарының ең тиімді жүйесін жасаған ел ғана көтеріле алады», - деген болатын [2].

Қазіргі кезеңде білім жүйесінің барлық салаларын нақты түрде ақпараттандырудың кешенді жоспары жасалуда. Қазір «Интернет» желісіне ену қажеттігі туындап отыр. Біздің елімізде барлық мектептер компьютерлендіріліп жатыр. Соңғы кездегі Интернет желісінің күрт дамып кетуі қашықтық ұғымын жоққа шығарып, планетамыздың кез келген нүктесін бір-бірімен бейнелі түрде байланыстыруда.

Осындай жағдайда жоғары оқу орындарының түлектерін оқытып шығаруда оқытушының ақпараттық технологияларда біліктілік мәселесі маңызды.

Біздің ойымызша қазіргі таңда мұндай біліктілік оқытушыларға өте қажет, себебі қазіргі жастар мектеп партасынан бастап электрондық технологияларды жақсы меңгерген. Сондықтан оқытушылар білім алушылармен жеткілікті түрде ойдағыдай қарым-қатынас жасау үшін ақпараттық технологияларды меңгеруге міндетті.

Біріншіден әрине компьютермен жұмыс істеудің негіздерін үйрену: оның неден тұратынын және оның әр-түрлі бөліктерінің не үшін керек екенін, Windows XP операциялық жүйесінде және (Microsoft Office (Word, Excel, PowerPoint бағдарламалық өнімнің пакеттерінде) жұмыс істеуді үйрену.

Екіншіден оқытушылар ақпараттық технологиялар аясында графикалық редакторларды білулері және меңгерулері керек, интерактивтік оқу әдістемелік материалдарды әртүрлі салаларда (мысалы Moodle) құрастырып қолдана білу қажет, білім алушылардың білімдерін тестік құралдар арқылы бақылау, интернет-ресурстарды әдістемелік дұрыс қолана білу, сонымен қатар білім алушылармен қашықтықтан қарым-қатынас жасау үшін желілік мүмкіншілікті қолдану (кеңес беру, тапсырма беру, үй жұмыстарын тексеріп шешім қабылдау және т.б.), бейне таспаға жазып дәрістер дайындау.

Электрондық ақпараттық материалдарды қолдану білім алушыларға бірнеше рет байқауға, көшіруге, әрі қарай өз қажеттілігіне қолдануға мүмкіншілік береді. Сонымен қатар графикалық редакторды қолданып жасалған және түрлі-түсті түрде бейнеленген материалдар, бейне таспаға жазылған дәрістер білім алушылардың қызығушылығын туыдырып пәнді жақсы түсініп есте сақтауларына себебін тигізеді. Бұл әрине бір жағынан оқытушыға сабақта уақытын үнемдеуге және қосымша тақырыпты талқылауға көп мүмкіншілік береді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабында білім беру жүйесінің міндеттері атап өтілген, солардың ішінде:

- қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

- жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту көзделген [3].

Заңда көрсетілген міндеттер қазіргі кездегі Интернет және жаңа компьютерлік технологиялардың дамуы өсу қарқындауына, сонымен қатар білім берудің де жаңа тәсілдерінің қарастырылуына, осы технологиялардың бірі болып қашықтықтан білім беру саналатындығына және соның ішінде Интернет технология көмегімен білім беруді кеңінен қолдану мүмкіншілігіне байланысты болып отыр. Интернет және деректер алмасу дамуына қатысты білім беруде электрондық конспектілер, энциклопедиялар, тестілер, глоссарилер, сауалнамалар, виртуалды зерттеулер және т.б. қатынасының жаңа тәсілдерін құрастыру мен қолдану мүмкіндігі туып жатыр.

Компьютерлік желілер - біздің заманымыздың ең маңызды және қызықты технологияларының бірі болып саналады. Интернет ауқымды желілерге қосылған компьютерлердің саны миллиондармен өлшенеді (және бұл сан үнемі өсіп жатыр), осылайша Интернет көптеген қолданушыларға ақпаратпен алмасуға және бір-бірінің есептеу ресурстарын пайдалануға мүмкіндігін беретін ауқымды коммуникациясын құрастырады. Сонымен қатар қазіргі кезде Интернет пен мобильді және сымсыз технологиялардың тығыз интеграциясы жүріп жатыр, ал бұл өз кезеңінде Интернеттің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл әрине қашықтықтан оқыту жүйесін әрі қарай дамытуға әсерін тигізеді.

Осындай кезеңде оқытушылардың жаңа электрондық технологияларды жетік меңгеруі, қашықтықтан оқыту жүйесінде сырттай қашықтықтан білім алатындардың білімдерін арттыруға көп үлесін қосады.

Бірақ ғылым саласында бірқатар шешілмеген проблемалар бар.

Ескірген материалдық-техникалық база және зертхана жабдықтары сапалы ғылыми зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Осыған орай Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығында алға қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажеттілігі көрсетілген болатын:

- сапалы білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу;

- білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету;

- педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту. Оқу процесіне автоматтандыруды енгізу үшін әрбір білім беру ұйымын қажетті жабдықтармен жарақтандыру: компьютердің жаңа түрлерімен, кең жолақты Интернетпен қамтамасыз ету және т.б. [4].

Өткен ғасырларда білім мәселесі ойшыл данышпандарды да ойлантқан, соның бірі ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының сол кездегі: «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», - деген сөзі бүгінгі күнгі қоғамға да қатысты екеніне көз жеткізуімізге болады [5].

### **Библиографиялық тізім**

1. «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы. ://adilet.zan.kz/docs/U010000735\_

2. ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың Республикалық мұғалімдер съезінде сөйлеген сөзі. //www.edu.gov.kz/

3. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы): adilet.zan.kz//docs/Z070000319\_

4. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118

5. Ақпараттық портал «abai.kz»://old.abai.kz/node/3